

Біржан сал ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2021 жылғы 2 ақпандағы № С-2/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 ақпанда № 8352 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № С-8/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 26.12.2023 № С-8/5 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Біржан сал ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Біржан сал ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Біржан сал ауданы
мәслихатының сессия
төрағасы*

M. Даuletханов

*Біржан сал ауданы
мәслихатының хатшысы*

C. Шауенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Біржан сал ауданының әкімі

Біржан сал ауданы мәслихатының
2021 жылғы 2 ақпандағы
№ С-2/2 шешімімен
бекітілген

Біржан сал ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

Ескерту. Қағидаларға өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 30.11.2022 № С-23/17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Осы Біржан сал ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) қаулысына сәйкес өзірленді және Біржан сал ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін айқындайды.

1-тaraу. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпыхалықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірде қын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Біржан сал ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең тәмен күнкөріс деңгейі – Ақмола облысының статистикалық органдары есептейтін мөлшері бойынша ең тәмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең тәмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айна отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірдегі қын жағдай – азаматтың тыныс – тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – Біржан сал ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті үйім) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік - аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Біржан сал ауданының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға таралады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 30.11.2022 № С-23/17 (оның алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Азаматтарға (отбасыларға) әлеуметтік көмекті төлеу банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер арқылы алушының шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндердің және мерекелік күндердің тізбесі:

- 1) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кенес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;
- 2) 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 3) 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;
- 4) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні;
- 5) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 30.11.2022 № С-23/17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

9. Әлеуметтік көмек алушылардың келесі санаттарына көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңының күші қолданылатын басқа да адамдарға;

еңбек ардагерлеріне;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

саяси қуғын-сүргіннің құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіннен зардал шеккендерге;

Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардан зардал шеккен азаматтарға;

зейнетақының төменгі мөлшерін және төмен зейнетақы мөлшерінен төмен алатын зейнеткерлерге;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

мүгедектігі бар баланы тәрбиелейтін адамдарға;

табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтылған азаматтарға (отбасыларға);

әлеуметтік мәні бар аурулары (туберкулез, қатерлі ісіктер, адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауру) бар адамдарға;

адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауруы бар балалары бар азаматтарға (отбасыларға);

халықтың әлеуметтік осал топтарынан, аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы медициналық колледждерде құндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде оқитын студенттерге;

халықтың әлеуметтік осал топтарынан, аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы жоғары медициналық оқу орындарында оқитын студенттерге;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға);

бас бостандығынан айыру орындарынан шыққандарға және пробация қызметінің есебінде түрған адамдарға.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан, азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді орган бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 30.11.2022 № С-23/17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Әлеуметтік көмек бір рет көрсетіледі:

1) 9 мамыр - Женіс күні:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңының күші қолданылатын басқа да адамдарға;

еңбек ардагерлеріне;

2) 31 мамыр - Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні:

саяси құғын-сүргіннің құрбаны немесе саяси құғын-сүргіннен зардап шеккендерге;

3) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні:

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

4) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға;

5) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

мүгедектігі бар баланы тәрбиелейтін адамдарға;

зейнетақының төменгі мөлшерін және төмен зейнетақы мөлшерінен төмен алатын зейнеткерлерге.

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

6) табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтылған азаматтарға (отбасыларға), өмірлік қыын жағдай туындаған кезде, он бес айлық есептік көрсеткіш әлеуметтік көмектің шекті шамасында, өтініш бойынша бір рет беріледі;

7) өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек азаматтың (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысына қарамастан, азаматтардың келесі санаттарының өтініші бойынша бір рет көрсетіледі:

әлеуметтік мәні бар аурулары бар (катерлі ісіктер), онкологиялық стационар жағдайында арнайы емдеуден өтіп жатқан адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауруы бар, денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауруы бар, денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған балалары бар азаматтарға (отбасыларға) оның ішінде адамның иммунитет тапшылығы вирусын тасымалдаушыларға, он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) өмірлік қыын жағдай туындаған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және Біржан сал ауданына тұрақты тұруға келген адамдарға, босатылғаннан кейін алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде бас бостандығынан айыру орындарында болғаны туралы растайтын құжат негізінде он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) әлеуметтік мәні бар (туберкулез) ауруы бар адамдарға, амбулаторлық емделу кезеңіне бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын;

9) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне коммуналдық қызметтерді, жылу беру маусымына қатты отынға, байланыс қызметтерін төлеу бойынша шығыстарға қызмет көрсетушілер ұсынған тізілімдерге сәйкес, алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен 100 пайыз мөлшерінде.

Жылу беру маусымы кезеңінде қатты отынға жүмсалған шығыстар Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің нақты тұратын жері бойынша алып жатқан алаңына сәйкес қатты отын сатып алуға ұсынылған түбіртектерге сәйкес алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен өтеледі. Әлеуметтік көмек Ұлы Отан соғысының ардагері пайдаланған уақытқа дейін женілдіктер қолданылатын онымен бірге тұратын және тіркелген отбасы мүшелеріне де көрсетіледі;

10) колледждер мен жоғары медициналық оқу орындарында ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша оқытын аз қамтылған отбасылардан, көп балалы отбасылардан, халықтың әлеуметтік осал топтарынан (отбасыларынан) шыққан студенттерге - оқу орнымен жасалған шарттың, жоғары медициналық оқу орындарында оқу кезінде аудан әкімі, студент және жұмыс беруші арасында шарттың, оқу орнынан анықтаманың, көп балалы отбасы мәртебесін, не өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, не халықтың әлеуметтік – осал топтарына тиесілігін растайтын анықтаманың көшірмесі негізінде оқу құны мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 30.11.2022 № С-23/17 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындейді және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3-тaraу. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

12. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

13. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

14. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Біржан сал ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

15. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Біржан сал ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық - әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

16. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5-тaraу. Қорытынды ереже

17. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.